

Сыртқы аудитор туралы мәлімет

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 4 наурыздағы шешіміне (№10/19 хаттама) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) 2019-2021 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жасаушы аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) белгіленді.

2019 жылғы 19 сәуірдегі 2019-2021 жылдардағы қаржылық есептіліктің аудиты бойынша ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі шарттың және оған толықтырулардың (бұдан әрі – Шарт) сомасы ҚҚС-ты есепке алғанда 1 414 288 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызмет көрсетумен байланысты барлық шығынды қамтиды, соның ішінде:

2019 жыл – 407 346 мың теңге,

2020 жыл – 507 700 мың теңге,

2021 жыл – 499 242 мың теңге.

Шартқа сәйкес Сыртқы аудитордың 2019-2021 жылдары көрсеткен қызмет тізбесі:

- 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 1 қаңтар мен 31 наурыз аралығындағы шоғырландырылған қаржы есептілігіне шолу жүргізу, ол №34 ХҚЕС-ке сәйкес дайындалады, оған қоса шолу бойынша ISRE 2410-ға сай есеп шығарылады;

- 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 1 қаңтар мен 30 маусым аралығындағы шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігіне шолу жүргізу, ол №34 ХҚЕС-ке және ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік есепке алу саясатына/ҚМГ Есепке алу саясатына сәйкес дайындалады, оған қоса шолу бойынша ISRE 2410-ға сай есеп шығарылады;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген нысандар (бұдан әрі – Қор пакеті) бойынша дайындалған 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 1 қаңтар мен 30 маусым аралығындағы шоғырландырылған қаржы есептілігінің пакетіне шолу жүргізу;

- 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 1 қаңтар мен 30 қыркүйек аралығындағы шоғырландырылған қаржы есептілігіне шолу жүргізу, ол №34 ХҚЕС-ке сәйкес дайындалады, оған қоса шолу бойынша ISRE 2410-ға сай есеп шығарылады;

- Қор пакетіне сәйкес дайындалған 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргізу;

- 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 31 желтоқсанда аяқталатын жағдай бойынша және жыл бойынша жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргізу, сондай-ақ ХҚЕС-ке және ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік есепке алу саясатына/ҚМГ Есепке алу саясатына сәйкес дайындалған жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша жыл сайынғы аудиторлық есеп ұсыну;

- 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 31 желтоқсанда аяқталатын жағдай бойынша және жыл бойынша жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргізу, сондай-ақ «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР заңына сәйкес ҚР уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік актісімен бекітілген тізбеге және нысандарға сәйкес жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша жыл сайынғы аудиторлық есеп ұсыну;

- бухгалтерлік және салық есебін жүргізу, есепті жылдың қаржылық есептілігі аудитының нәтижелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне және ҚМГ басшылығына таныстырылым дайындау мәселелері бойынша консультацияларды қоса алғандағы ілеспе қызметтерін көрсету.

Өзекті қаржылық есептер мына [сілтеме](#) бойынша қолжетімді.

Сыртқы аудитордың 2019 және 2020 жылдары ҚМГ мен ҚМГ тобындағы компанияларға көрсеткен аудиторлық емес қызметтердің үлесі Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтерге сыйақының жалпы сомасынан, тиісінше, 7% және 8%-ды құрайды.

Сыртқы аудитордың ҚМГ мен ҚМГ тобындағы компанияларға көрсеткен қызметтердің құны мен тізбесі туралы ақпарат мына [сілтеме](#) бойынша қолжетімді.